

**"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері"  
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы № 1130  
қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 413 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23  
қыркүйектегі № 1003 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 2013 жылғы 24 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.**

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі  
Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан  
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29  
қазандағы № 1130 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж.,  
№ 42, 538-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігі туралы ережеде:

1) 16-тармақтың 2) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы он алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«республикалық терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың  
қызметін қамтамасыз ету;»;

қырық сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«орталық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың,  
астананың жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл  
туралы заңнамасының сақталуын бақылау;»;

елу жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ономастикалық комиссиялардың қызметін үйлестіру;».

2. Осы қаулы 2013 жылғы 24 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*

